Алтайбаева Аяулым Нурболдиевнаның «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Түркі дүниетанымының жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда түркілік саяси құндылықтардың тарихи-аксиологиялық константалары арқылы Қазақстан Республикасы жастарының саяси құндылықтарын қалыптастырудың тетіктері мен осы бағыттағы саяси шешімдердің қоғамдық санаға ықпалы зерделенді. Саяси құндылықтар мен түркілік саяси құндылықтардың концептуал негіздері сараланып, олардың қоғамдық өмір прагматикасындағы «қолданысы-нәтижесі» параметрлерінің негізгі көрсеткіштеріне саяси-философиялық тұрғыдан баға берілді. «Жаңа Қазақстан» моделіндегі жастардың саяси құндылықтарының қалыптасуының мәдени-әлеуметтік климаты аясындағы эволюциясы мен «қалыптастыру-қалыптасу» детерминациясының тәсілдері мен технологиясына талдау жүргізілді. Сол арқылы қазіргі заманғы жастар құндылықтары, олардың түзілімі мен жаңаруының парадигмалары, тұрақтылығы мен өзгеру динамикасы мәселесі зерделенді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстандық, жалпы алғанда тұтас әлемдік деңгейде де жастардың құндылықтық бағдарларының өзгерістерге түсуі мен олардың динамикасы – әлеуметтанулық, мәдениеттанулық, саясаттанулық, психологиялық тұрғыдан ғана емес, тарихи-этнографиялық контекст аясындағы саяси философиялық парадигмалар негізінде тереңірек зерттеуді қажет етеді. Мұны заман ағымының құбылуы, әлемдік интенсив даму мегатенденцияларының жастардың қоғамдық санасымен өзара тәуелділігінің әрқилы масштабтарын бағамдау мен бағалаулар арқылы айқындауға болады.

Қоғамдық өмірдің барша саласын қамтып келе жатқан виртуалданған әлемнің цифрлық жүйесінде коммуникация түрлерінің күрделі сипат табуы – XXI ғасыр басындағы іргелі өзгерістердің бірі болып отыр. Сәйкесінше, осындай өзгерістер кезеңінде, алдымен, жастардың қоғамдық саяси санасының динамикасын саяси-философиялық тұрғыдан «бақылау-бағалау» тетіктерінің маңызы артып келеді. Яғни, ғылыми дискурстың қоғамдық инженериядағы рөлі салмақты болуда. Олай болса, цифрлық жүйедегі коммуникацияларды тек субмәдениет ретінде ғана емес, мәдени-әлеуметтік институттардың бірі ретінде де жіті зерделеу маңызды дей аламыз. Зерттеу тақырыбымыз қоғамдағы саяси ахуалдардың негізгі бағдарларын зерделеу ғана емес, саяси құндылықтардың жастар санасындағы келбеті мен оның тарихи тұрғыдан ең тиімді, әлеуметтік тәжірибеден өткен, сұрыпталған, оңды бағаланған нұсқалар ретінде орнықтырылған архетиптеріне үңілуімен өзекті.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Жастар туралы алғашқы философиялық тұжырымдар көне қытай және көне грек философтарының еңбектерінде кездеседі. Қазақ дүниетанымына тән ойларды Абай шығармаларынан таба аламыз. XIX-XX ғғ. жастар тақырыбын зерттеуге Еуропа мен АҚШ-тың ғалымдары үлкен үлес қосты. Солардың ішінде құрылымдық-функционал көзқарас бойынша Эмиль Дюркгейм,

Толкотт Парсонс, Роберт Мертон, символдық интеракционизм мектебі өкілдері Джордж Герберт Мидтің пен Маргарет Мидтің еңбектерінде көрініс тапқан. Батыс ғалымдардың ішінде жастар мәселесін ерекше көрсеткен авторлар: Пьер Бурдье, Хосе Ортега-и-Гассет, Эрик Эриксон, Освальд Шпенглер, Карл Манхейм. Пьер Бурдье «Әлеуметтік кеңістік және әлеуметтік топтардың шығу тегі» еңбегінде әлеуметтік топтардың табиғи болмыс түрінде емес, тарихи және әлеуметтік шарттар аясында қалыптасатынын негіздей отырып, әлеуметтік философияда кең танымал «хабитус» концептісін енгізіп еді.

Сондай-ақ жастар ұғымы, жастардың заңмен қатынасы, жастардың әлеуметтенуі, білім алу жүйесін зерделеген постсовет кеңістігі ғалымдары С.Н. Иконникова, И.С. Кон, В.Т. Лисовский, В.А. Луков, В.Г. Немировский, В.В. Павловский, Д.Д. Накашидзе, В.И. Чупров, Ю.А. Зубок, К. Уильямс, В.И. Добрынина, О.М. Добрынина, А.А. Жигулин, А.Т. Малхасян, З.К. Буклова және т.б. еңбектерінде зерделенген. Мысалы, К. Буклованың «Правосознание в современном информационном обществе: теоретико-правовой анализ» (2011) еңбегі – құқықтық сана қалай өзгеріп жатыр деген сұрақты ақпараттық қоғам контекстінде талдауымен құнды. Түркілік дүниетаным мен саяси құндылықтар көптеген В. Радлов, С. Кляшторный, А. Кононов, С. Иванов, С. Орус-оол, Н. Аюпов, Л. Федорова, Р. Безертинов, С. Аязбекова, Х. Әбжанов, А. Досымбаева, О. Сапашев, Г. Гусейнов, Г. Смагулов, М. Уланов, В. Харитонова, С. Васютин, Т. Жумагамбетов, Н. Крадин, М. Горбунов, С. Дмитриев, Х. Миннегулов, С. Малабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Солардың ішінде М.Ю. Горбуновтың «Ценностные доминанты тюркской традиции: кочевой культурно-исторический пласт» еңбегі ежелгі түркі мәдениетіндегі елдік сана мен саяси құндылықтардың мәнін ашатын іргелі зерттеу ретінде ерекшеленеді.

Зерттеу нысаны – жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу үрдісі мен негізгі келбеті

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасы жастарының саяси құндылықтарының қалыптасуындағы түркілік дүниетанымның рөлі

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы жастардының саяси құндылықтарын қалыптастырудағы байырғы түркілік тарихилық дәстүрлердің ықпалы мен қазіргі заманға тасымалдануын саяси-философиялық тұрғыдан зерделеу. Осы мақсатқа сәйкес келесі зерттеу **міндеттері** қойылды:

– «жастар» және оның болмысы туралы тарихи-философиялық және саяси-әлеуметтанулық пікірлер мен тұжырымдамаларға, негізгі көзқарастарға шолу жасау;

– жастар мәселесінің заңнамалық-құқықтық институттар аясындағы негізгі қызметі мен мәдени-әлеуметтік келбетін саяси-философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып көрсету;

– «құндылық», «саяси құндылық», «жастар құндылықтары» түсініктерін концепті ретінде пайымдай отырып, олардың мазмұны мен құрылымына логикалық-семантикалық талдау жасау;

– Түркі халықтарының сыртқы әлемдегі және ішкі саяси-әлеуметтік өмірді құрылымдау бойынша қалыптасқан құндылықтар жүйесінің мағыналық және функционал негіздерін ашып көрсету;

– Түркілік саяси құндылықтардың қазіргі заманғы Қазақстан Республикасы жастарының санасына ықпал ету өрісіне, мазмұнына, технологияларына, көріністеріне саяси философиялық талдаулар жасау;

– Қазақстандағы ұлттық саяси құндылықтарды байырғы түркілік өмір салты дәстүрлері жүйесі бойынша қалыптастырудың негізгі өлшемдерін және тактикалық-стратегиялық бағдарламаларын құрылымдау;

– Жастардың саяси құндылықтарын «Жаңа Қазақстан» контексінде тарихи-әлеуметтік парадигмалар бойынша нығайтудың негізгі қағидалары мен перспективасын құрылымдау.

Диссертацияның теориялық негіздері.

Диссертацияда басты теориялық негіз ретінде: Орхон-Енисей жазбалары, түркі халықтарының рухани жәдігерлері, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты философиялық шығармасы және т.б. түркі халықтарының жазба ескерткіштері мен қазіргі заманғы жастар туралы ғылыми тұжырымдамалар алынды. Сонымен қатар диссертация жұмысында отандық және шетелдік зерттеушілердің: әлеуметтанушылардың, философтардың, психологтардың, тарихшылардың ғылыми еңбектері мен теориялары, концептілері қолданылды. Бұл зерттеудің дисциплинааралық мазмұнын тереңдетті.

Зерттеудің әдіснамалық ұстанымы бойынша мынадай әдістер қолданылды:

– салыстырмалы-тарихи – жастардың саяси белсенділігінің және саяси құндылықтарының дамуының эволюциясының әртүрлі кезеңдерін белгілеу;

– жастардың құндылық бағдарлары мен өмірлік жоспарларындағы тенденциялар мен өзгерістерді анықтау үшін нақты әлеуметтанулық зерттеу әдісі;

– проблемалық-хронологиялық – жастармен жұмыс жасаудағы саяси күштердің қызметінің белгілі бір нысандары мен әдістерінің бастауын анықтау;

– логикалық-семантикалық талдау – көне түркілік рухани маңызды ұғымдарды ажыратып алып, олардың концепт ретіндегі денотаттары мен семантикалық-лексемалық мазмұны ашып көрсету үшін қолданылды.

– герменевтикалық-феноменологиялық әдіс – тарихи мәтіндерді түсіндіруге, тарихи мәтіндердегі негізгі өзек болатын ұғымдарды аршып алуға септеседі. Сондай-ақ қазіргі таңдағы жастардың қоғамдағы өзгерістерді қабылдауы мен құрылымдауының келбетін анықтау үшін қажетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей:

– Философия және қазіргі әлеуметтану негізінде жастардың болмысы тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеліп, жас мөлшерін айқындау қағидалары қайта сарапталды. Оның биофизиологиялық, демографиялық, психологиялық және мәдени-тарихи ерекшеліктері анықталып, жастар функционализмі мәселесі қарастырылды.

– Қазақстанның саяси онтологиядағы стратегиялық ұстанымдардың бірі ретінде байыпталатын жастар мәселесінің ресми түрде институттануының динамикасына қатысты заңнамалық-құқықтық ережелер мен құжаттарға талқыға салына келе, «заңнамалық жастар» түсінігі енгізіліп, ол тарихи-әлеуметтік негіздемелер тұрғысынан талданды;

– Философиядағы құндылық мәселесіне қатысты дискурстарға кешенді талдау жасалды: тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және мәдени-философиялық ракурстағы шетелдік және отандық философтардың көзқарастарын негізге ала отырып, құндылық ұғымының саяси-философиялық мәнін ашуға талпысын жасалды. Сондай-ақ Қазақстан жастары туралы «BRIF Research Group» зерттеулері негізінде жастардың құндылықтық бағдарларына қатысты талдау жасалды;

– Жастардың саяси құндылықтарының тарихи-әлеуметтік және қазіргі замандағы мағыналық өзгерістерге сай заманауи келбетіне «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» идеологиясының жүзеге асып жатқан тетіктері тұрғысынан талдаулар жасалып, жаңа құндылықтар арнасына ғылыми теориялық талдаулар жасалды және оның перспективтік бағдарлары ұсынылды.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар мыналар:

1. Конфуций, Платон, Аристотель және өзге де ойшылдардың философиялық идеялары жастардың саяси құндылықтарын түсінудің негізін қалыптастырады. Қазіргі әлеуметтанулық тәсілдер (Т. Парсонс, Р. Мертон, Дж. Мид) бұл мәселелерді әлеуметтік-философиялық контексте тереңірек талдауға мүмкіндік береді. П. Бурдье, И.С. Кон, Х. Ортега-и-Гассет, Э. Эриксон, К. Манхейм және басқа да, соның ішінде түрік зерттеушілерінің еңбектеріне жүгіну жастардың биоәлеуметтік және мәдени-тарихи сипаттарын кешенді түрде айқындауға жол ашады. Нәтижесінде жастар санасының мозаикалық әрі қарама-қайшылықты сипатта қалыптасатыны және оның күрделі ішкі құрылымымен ерекшеленетіні анықталды.

2. Білім беру жүйесін философиялық тұрғыдан пайымдау, индустриялық хабтардың қызмет ету қағидаларын, жастардың интеллектуалдық әлеуеті мен әлеуметтену үдерістерін талдау қажет. Жеке тұлғаның білім беру арқылы қалыптасуындағы проблемаларды жаһандық және Қазақстан жағдайында, олардың ерекшеліктерін ескере отырып айқындау маңызды. Жастардың сауаттылық деңгейі мен интеллектуалдық әлеуетін модельдеу білім құндылығын феноменологиялық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

3. Байырғы түркілік (V-XIII ғасырлар) саяси құндылықтар, мәселен, «Ел» концептісінің эквиваленттері: өлке, мемлекет, халық және т.б., ал «Халық» түсінігінің баламалары «будун», «бодун», «ара-албытызы» т.б. логикалық-семантикалық құрылымын негіздеуіміз қажет. Бұл тұста, А. Досымбаеваның О.С. Сапашевтың, С. Аязбекованың, Г.Р. Гусейновтың, Г. Смағұлованың, В.И. Харитонованың, Н. Аюповтың, Р. Безертиновтың, М.С. Ұлановтың түркі дүниетанымы жөніндегі концептуал зерттеулеріне сүйене отырып, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы: «билік», «әділет», «заң», «билеуші», «саяси ұстаным», «заңдылық», «ағартушы билеуші», «әміршінің халыққа қатынасы», «шыншылдық» т.б. түсініктердің саяси тәжірибедегі қолданысына үңілу, «beŋgű el» (мәңгілік ел) утопиялық концептісін талдау және оның Тыва (Хунан Қара эпосы), Алтай халықтарындағы жырлармен изоморфты үндестігі мәселесі ерекше талдауды қажет етеді.

4. Жастардың саяси құндылықтарын қалыптастырудағы қиындықтар мен проблемалық алаңды ашып көрсету, оның әрі қарайғы перспектив бағдарлардың жүзеге асуындағы «Жаңа Қазақстан» идеологиясы, «Әділетті Қазақстан» орнату,

«Заң мен тәртіп» қағидатын ұстанудың мүмкіндіктеріне жол ашады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен еліміздегі жастар мәселесіне қатысты мемлекеттік қолдаулардың нақты нәтижелері Қазақстан Республикасының даму перспективасында жаңа мүмкіндіктерді ашудың платформасын негіздеуді керек етеді. Бұл платформалар түркілік рухани құндылықтарды саяси философиялық тұрғыдан қазіргі заманға сай қайта құрылымдауды қажетсінеді.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеудің негізгі теориялық ережелерін және талдау барысында алынған мәліметтерді жалпы қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында білім беру мақсатында пайдалануға болады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар Қазақстанның мемлекеттік органдары мен саяси ұйымдары тарапынан сұранысқа ие болуы мүмкін және ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындаған, немесе қалыптасқан қарама-қайшылықтар мен қиындықтар жағдайында жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыру тетіктерін жетілдіруге негіз бола алады. Сондай-ақ, диссертация материалдары мен тұжырымдары жастардың саяси құндылықтарының қалыптасу ерекшеліктері туралы ғылыми әдебиеттер қорын кеңейтеді, жастардың саяси құндылықтарын қалыптастыруға кедергі келтіретін факторларды анықтауға септеседі.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертацияның негізгі тұжырымдары автордың қазақстандық және шетелдік 4 басылымда жарық көрген мақаларында, бір Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды:

1. “Политические концепты в традиционном тюркском миропонимании”, *Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т., Бексейит А.М.//* Философия. Журнал Высшей школы экономики. – Современная философия 2024. – Т. 8, № 3. – С. 176-206
2. “Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері”, *Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т.//* Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». 2024, 29, № 2 (114). – Б. 229-237
3. “Influence of philosophical and political values in Kazakhstan”, *Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т. Ташғын А., Рау И.*// ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. 2024. - № 3 (89), - Б. 26-36
4. “Құндылық теориялары және саясат пен құндылық қатынасы”, *Алтайбаева А.Н., Телебаев Ғ.Т.* // Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық «Адам әлемі» журналы. - № 4, (102), 2024. – Б. 117-124
5. “Өскелең жастарға құқықтық тәрбие беру – Жаңа Қазақстанның жаңғыру жолына апаратын алғышарттардың бірі”, *Алтайбаева А.Н.* // І Аманжол Қасабек оқулары философия ғылымының докторы, профессор Қасабек Аманжол Қасабекұлының 80 жылдығына, Бүкіләлемдік философия күніне арналған «Қазақ философиясын зерттеудің әдіснамалық негіздері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының жинағы. Алматы, 17.11.2023. – Б. 189-194

Диссертацияның құрылымы. Диссертация үш тараудан, кіріспеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі – 141 б.